**2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысы

РҚАО-ның ескертуі. P031327 қаулысын қараңыз

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 369, 370, 371-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің 2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына 369-қосымша

Ескерту. 369-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.23. N 197К қаулысымен .

605 - Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған "Көші-қон және демография саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның Паспорты**

1. Құны: 104999 мың теңге (бір жүз төрт миллион тоғыз жүз тоқсан тоғыз мың теңге) . < * >

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9, 21-25-баптары ; "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003

жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аппарат жұмысын жақсарту, бюрократизммен күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы ; Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі Агенттігі мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 шілдедегі N 1020 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі Агенттігінің аппаратының қызметін қамтамасыз ету және оның аумақтық органдарының аппаратын ұстау; өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіби қызмет саласында білім беру бағдарламасы бойынша теориялық және практикалық білімдерді, ұқсата білу мен дағдыны жаңғырту; Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі Агенттіктің орталық аппаратының бухгалтерлік есеп жүйесін жетілдіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі Агенттігінің орталық аппаратына және оның аумақтық органдарына жүктелген функцияларды барынша тиімді орындалуына қол жеткізу үшін олардың қызметін қамтамасыз ету; мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру; бухгалтерлік есеп үшін программалық өнімдерді сатып алу, Көші-қон және демография жөніндегі Агенттіктің ақпараттық жүйесі мен жергілікті міндеттерін қамту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | | | | Көші-қон және демография саласындағы уәкілетті органның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қызметін қамтамасыз ету | | |
| 2 | 001 | Орталық органның аппараты | Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі Агенттігі орталық аппараттың саны 24 бірлік деп бекітілген штаттық лимиті шегінде ұстау. Агенттіктің аумақтық органдарымен деректер алмасу, сондай-ақ телефон және факстік байланысқа жұмсалатын шығындарды оңтайландыру үшін өзінің WEB-серверін және Internet E-mail электрондық почта серверін ұйымдастыру және дербес жүргізу мүмкіндігімен Агенттіктің орталық офисінің жергілікті желісінен Интернет желісіне қосуды ұйымдастыру. Саны 2 бірлік деп бекітілген лимит негізінде қызметтік автомашиналарды ұстау және жалдау | Жыл бойы | Қазақстан Республи. касының Көші-қон және демография жөніндегі Агенттігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі Агенттігінің аумақтық бөлімшелерінің саны 120 бірлік деп бекітілген штаттық лимиті шегінде ұстау. Қызметтік 16 жеңіл автомашинаны ұстау. Мемлекеттік қызмет-шілердің біліктілі-гін арттыруға арналған іссапар шығыстары. | Жыл бойы | Қазақстан Республи. касының Көші-Қон және демография жөніндегі Агенттігі |
| 4 | 007 | Мемлекеттік қызметші. лердің біліктілігін арттыру | Біліктілікті арттырудың, соның ішінде мемлекеттік тілді оқытудың бекітілген жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөнінде көрсетілетін қызметті сатып алу. Біліктілікті арттыру курстарынан өтетін мемлекеттік қызметшілердің жылдық орташа саны 90. | Жыл бойы | Қазақстан Республи. касының Көші-Қон және демография жөніндегі Агенттігі |
| 5 | 009 | Мемлекеттік органдарды | Қазақстан Республикасының | 2004 жылдың | Қазақстан Республи. |

материалдық- Көші-қон және қаңтары касының техникалық демография Көші-Қон жарақтандыру жөніндегі Агенттігі және орталық аппаратының демография бухгалтерлік есеп жөніндегі жүйесі үшін Агенттігі бағдарламалық өнімдер сатып алу - 4 бірлік.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі Агенттігіне және оның аумақтық органдарына жүктелген функцияларды сапалы және дер кезінде орындау; мемлекеттің экономикалық жағдайларына сәйкес мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына сай мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
370-қосымша

Ескерту. 370-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.23. N 197К , 2004.12.24. N 197АР қаулыларымен .

605 - Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Оралмандарды тарихи отанына**
**қоныстандыру және әлеуметтік қорғау"**
**деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**Паспорты**

1. Құны: 6973798 мың теңге (алты миллиард тоғыз жүз жетпіс үш миллион жеті жүз тоқсан сегіз мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Халықтың көші-қоны туралы" 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы ; " Республикалық бюджеттен оралмандар үшін бөлінген қаражаттарды нысаналы пайдалану туралы ережені бекіту туралы" 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1194 Қазақстан

Республикасы Үкіметінің қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: 2004 жылға арналған оралмандардың көшіп келу квотасы бойынша өзінің тарихи отанына қайтып оралған этникалық қазақтарды жайластыру жолымен демографиялық ахуалды жақсарту және Қазақстан Республикасы халқының санын өсіру және 2003 жылға арналған оралмандардың көшіп келу квотасына енген 316 оралмандар отбасы үшін тұрғын үй сатып алу. Оралмандардың 2003 жылға арналған көшіп келу квотасына енгізілген және 2004 жылы келген 3 оралман отбасына бір жолғы жәрдемақы төлеу және 24 оралман отбасына көліктік шығыстарын өтеу. <*>

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Оралмандарды қоныстандыруды ұйымдастыру және әлеуметтік қорғау, сондай-ақ 2004 жылға арналған оралмандардың көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандар отбасыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету және 2003 жылға арналған оралмандардың көшіп келу квотасына енген 316 оралмандар отбасы үшін тұрғын үй сатып алу. Оралмандардың 2003 жылға арналған көшіп келу квотасына енгізілген және 2004 жылы келген 3 оралман отбасына бір жолғы жәрдемақы төлеу және 24 оралман отбасына көліктік шығыстарын өтеу. <*>

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Оралмандарды тарихи отанына қоныстандыру және әлеуметтік қорғау | | | |
| 2 | | 100 | Оралмандарды уақытша орналастыру орталығы | 2004 жылға арналған көшіп келу квотасына сәйкес | Жыл бойы | Қазақстан Республи. касының Көші-Қон |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | оралмандардың келген отбасын бейімделу кезеңінде орналастыру. | | және демография жөніндегі Агенттігі |
| 3 | 101 | Оралмандардың көшіп келуі және әлеуметтік қорғалуы | Республикалық бюджеттен оралмандар үшін бөлінген қаражат: 1) отбасының басшысына - 15 АЕК мөлшерінде және отбасы мүшелеріне - 10 АЕК мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төлеуге; 2) 2004 жылға арналған оралмандардың көшіп келу квотасы бойынша шет мемлекеттерден оралмандардың 780 отбасын түпкілікті тұрғылықты жеріне дейін ұйымдасқан түрде көшіруге және олардың мүлкін апаруға жұмсалады. Иран Ислам Республикасы - 2 рейс, Өтпелі Ауғанстан Ислам Мемлекеті (Пәкстан Ислам Республикасы) - 7 рейс, Монғолия - 62 рейс, Түрік Республикасы - 5 рейс; Оралман- | Жыл бойы | Қазақстан Республи. касының Көші-Қон және демография жөніндегі Агенттігі |

дардың 2003 жылға арналған көшіп келу квотасына енгізілген және 2004 жылы келген 3 оралман отбасына біржолғы жәрдемақы төлеу.

3) Қазақстан Республикасына жақын шет елдерден және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 қазандағы N 1216 Жарлығымен бекітілген оралмандардың 2004 жылға арналған көшіп келу квотасына сәйкес ұйымдасқан түрде көшіруден тыс оралмандардың 9220 отбасының көлік шығындарының (жолақысы және мүліктерін әкелу) орнын толтыру. Әрбір оралманның жолақысына - 10 АЕК-тен аспайтын, оралман отбасының мүлкін әкелуіне жұмсалатын шығынын 50 АЕК-тен аспайтын мөлшерде төлеу;

Оралмандардың 2003 жылға арналған көшіп келу квотасына енгі-

зілген және 2004 жылы келген 24 оралман отбасына көліктік шығыстарын өтеу.
4) Оралмандардың әрбір отбасын тұрғылықты жеріне дейін баратын жолды ұйымдасқан түрде қоныс аудару шеңберінде азық-түлікпен және дәрілік заттармен 0,5 АЕК мөлшерінде 3 тәулікке арналған есеппен қамтамасыз ету;
5) оралмандарға құжат беруді АЕК-тің 20%-ы мөлшерінде (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі) төлеу.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | 102 | Оралмандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету | Оралмандардың 10000 отбасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес отбасының бір мүшесіне жүз еселенген айлық есептік көрсеткіш есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету. 2003 жылға арналған оралмандардың көшіп келу | Жыл бойы | Қазақстан Республи. касының Көші-Қон және демография жөніндегі Агенттігі |

квотасына енген 316 оралмандар отбасы үшін тұрғын үй сатып алу, оның ішінде облыстар бойынша: Ақмола - 9 отбасы, Алматы - 6 отбасы, Шығыс Қазақстан - 6 отбасы, Батыс Қазақстан - 2 отбасы, Қарағанды - 235 отбасы, Қостанай - 1 отбасы, Солтүстік Қазақстан - 47 отбасы, Алматы қаласы - 10 отбасы.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: 2004 жылы келетін оралмандар отбасы - 10000, оның ішінде ұйымдасқан түрде келетіні - 780, өз бетінше келетіні - 9220; ұйымдасқан түрде қоныс аудару бойынша көлік шығындарының орнын толтыру және өз бетінше келгендердің көлік шығындарын өтеу; 2004 жылға арналған оралмандардың көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандардың 10000 отбасына біржолғы жәрдемақының дер кезінде төлеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ тұрғын үймен қамтамасыз етужәне 2003 жылға арналған оралмандардың көшіп келу квотасына енген 316 оралмандар отбасы үшін тұрғын үй сатып алу. Оралмандардың 2003 жылға арналған көшіп келу квотасына енгізілген және 2004 жылы келген 3 оралман отбасына бір жолғы жәрдемақы төлеу және 24 оралман отбасына көліктік шығыстарын өтеу. <*>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына 371-қосымша

605 - Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**

**"Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография**

**жөніндегі агенттігінің ақпараттық жүйесін құру**
**деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**Паспорты**

1. Құны: 6354 мың теңге (алты миллион үш жүз елу төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Ақпараттандыру туралы" 2003 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі Агенттігі мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 шілдедегі қаулысы N 1020 .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: "Оралман" Деректер Банкін (Салық комитетінің "Салық төлеушілер және салық салу объектілері тізілімі (СТ және СО) жүйесін енгізу жөніндегі талаптарын ескере отырып) дамыту және Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі Агенттігін материалдық-техникалық жарақтандыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі Агенттігінің ақпараттық жүйесін жетілдіру және дамыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші баға. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің ақпараттық | Саны 16 қосымша лицензия сатып алу және оларды "Оралман" Дерекқорын дамыту үшін Агенттіктің аумақтық органдарында | Жыл бойы | Қазақстан Республи. касының Көші-Қон және демография жөніндегі Агенттігі |

жүйесін құру орнату, 26 компьютер, 23 принтер және 1 сканер сатып алу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

- басқа мемлекеттік органдарда әзірленген дерекқорлармен қолда бар "Оралман" Дерекқорларын біріктіру;
- факстік хабарламаларды беру телефонмен сөйлесу шығындарын азайту;
- берілетін деректерді қорғау және сақталу;
- Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі Агенттігі жұмысының өнімділігін арттыру.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК